

# Көрікті ой, көркем сөздің шебері

Өр өлкеміздің өнегелі өмір иелірін насихаттап, тарихта қалған талайларды танытып, оқырманның оқуға деген құштарлығын оятар «Туған жердің даңқты тұлғалары» кітап апталығы аясында жазушы, журналист, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Қоғабай Сәрсекеевтың туғанына 85 жыл толуына арналған «Көрікті ой, көркем сөздің шебері» кеші өткізілді.

(Кеш барысын мақалада берілген QR-код арқылы көре аласыздар.)

Ойланып өткеніме қарайлармын,  
Тарихқа таңба салған талайлардың.  
Торғайдың топрағынан шыққан қанша,  
Жалғасы Ахмет, Ыбрай, Абайлардың.  
Еске алсаң ескі сөзін естілердің,  
Ұрпағым, ұлтым деген естілер үн.  
Қазақты қадір тұтқан қаламгерлер,  
Сөзіңнің қасиетін кеш білермін.  
Алаш деп алға ұмтылған асылдарым,  
Көктеткен әдебиеттің жасыл бағын.  
Шебері деп көрікті ой, көркем сөздің,  
Еске алады ұрпағы ғасыр нарын!

Талантты журналист, қарымды қаламгер Қоғабай Сәрсекеев саналы ғұмырын еңселі еліне арнады, топырағы киелі Торғай өлкесінен ұлт намысын ойлаған қаншама текті тұлға шыңдалғаны белгілі. Сондай алыптар шоғырының заңды жалғасы Қоғабай Сәтенұлы болатын.

Қаламгеріміздің ғибратты ғұмырын насихаттау мақсатында ұйымдастырылған кешімізге Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының 1 курс студенттері Елубай Думан, Оңайбаева Айару атсалысып, күмбірлетіп күй төгіп, арнау өлеңдерін оқыды. Кешіміздің құрмет-



ті қонағы үздік өлкетанушы, оюшы, қолөнер шебері Байдилдин Шөптібай Байділдаұлы қаламгер жайлы естелік әңгімелерімен бөлісіп, іс-шара Қоғабай Сәтенұлының өнегелі өмірінен алынған бейнебаяндармен жалғасын тапты.

Дарынды жазушының келешек ұрпаққа үлгі болар туындылары жайлы айтылып, жанашыр ұлының ұлтына деген құрметпен жазылған «Қазақтың 21 ұстанымы» оқылды.

Кешімізге Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің студенттері қатысып, қаламгеріміздің қазыналы

шығармашылығымен таныс болды.

Қазақты елеусіз қалған архивтен алып, қазағына қайыра ұсынған, «Қазақпен» қоса артынан «Айқапты» шығарып алаш ардақтыларына адалдық танытқан белгілі қаламгер Қоғабай Сәрсекеев, алаштың көк туын көкке өрлетіп, азат ел болуын көк-сеген қаламгердің бұл еңбегі қазаққа қызмет етудің ұлағатты үлгісі, елін сүйген ердің ерен ісі болатын.

«Тарих – танығанға тағылым» дейді. Өткенді қайыра еске алып отыру – парыз. Келешек ұрпақ ертеңі тек өткенмен бай-



ланысып жатқанын ұғыну керек, дұрысы, ұғындыру керекпіз. Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Халықаралық «Алаш» және Бейімбет Майлин атындағы әдеби сыйлықтардың лауреаты, сондай-ақ «Парасат» орденінің иегері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, саналы ғұмырын елім деген елеулі істерге арнаған Қоғабай Сәтенұлының есімі мәңгі есте қалады.

Гүлназ ЖАҚИЯ,  
Облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының қызметкері